

№5 Қандыағаш қалалық ЖББОМ бойынша ата-аналарға кеңес беру
орталығының тәрбиешілеріне арналған нұсқаулық.

2025-206 оқу жылы

№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі
Ата-аналарға кеңес беру орталығы
Жас топтары: 3-4, жас, 5 жас

1. Нұсқаулықтың мақсаты:

Тәрбиешілердің ата-аналармен жұмысын жүйелеу, ата-аналарға кеңес беру орталығымен бірлесіп әрекет етуін ұйымдастыру, балалардың даму ерекшеліктерін анықтау және ата-аналарға қажетті ақпаратты сапалы жеткізу.

2. Тәрбиешінің негізгі міндеттері:

1. Баланың даму деңгейін бақылау:

- сөйлеу, ұсақ моторика, әлеуметтік дағды, эмоциялық жағдай;
- даму картасын толтыру (ай сайын).

2. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату:

- күнделікті қысқаша ақпарат беру;
- айына бір рет кеңейтілген консультация өткізу.

3. Кеңес беру орталығы мамандарына бағыттау:

- психологқа, логопедке, әлеуметтік педагогқа жолдама беру;
- анықталған қиындықтарды орталыққа хабарлау.

4. Әдістемелік ұсыныстар беру:

- үйде орындауға арналған жаттығулар;
- оқу-дамыту ойындары.

5. Топтық жұмыстарға қатысу:

- ата-аналар жиналыстарында сөйлеу;
- семинар, тренингтерде бірге жұмыс жүргізу.

3. Тәрбиешінің ата-аналармен жұмыс жүргізу тәртібі

3.1. Күнделікті жұмыс формасы

- * Сәлемдесу, баланың таңертеңгі күйін қабылдау.
- * Ата-анадан қысқаша ақпарат алу (ұйқы, көңіл-күй, денсаулық).
- * Кешкі уақытта баланың күн ішіндегі жетістігін айту.
- * Қажет болған жағдайда қысқа кеңес беру.

3.2. Апталық жұмыс

- * Баланың дамуына байланысты қысқа бақылау парағын толтыру.
- * Логопед/психолог қажет ететін балаларды анықтап, орталыққа жіберу.
- * Ата-аналарға шағын ақпараттық парақшаларды тарату.

3.3. Айлық жұмыс

- * Ата-аналармен кеңейтілген әңгіме (жеке консультация).
- * Орталық мамандарымен бірлескен мониторинг.
- * Ашық сабақ өткізу.
- * Ата-аналардың сұрақтарын жинақтау.

4. Тәрбиешінің кеңес беру кезіндегі этикалық талаптары

1. Ата-ананы тыңдау мәдениетін сақтау.
2. Сынды жұмсақ, педагогикалық тұрғыда жеткізу.
3. Баланың жеке ерекшеліктерін жария етпеу (күпиялылық).
4. Даулы жағдайларда эмоцияға берілмеу.
5. Ұсыныстарды нақты, қарапайым түрде түсіндіру.
6. Әр ата-анамен серіктестік қарым-қатынас орнату.

5. Кеңес беру орталығымен өзара жұмыс

Жұмыстың түрі	Тәрбиешінің міндеті	Мамандар міндеті
Баланы бақылау	Бақылау парағын толтыру	Талдау жүргізу
Кеңес беру	Ата-ананы бағыттау	Психолог кеңес береді
Мониторинг	Баланың даму картасын уақытнда беру	Қорытынды жасау
Жиналыс	ТОп ішінде ақпарат дайындау	Тақырыптық баяндама жасау

6. Қиындықтары бар балалармен жұмыс алгоритмі

1. Тәрбиеші баланың ерекшелігін байқайды.
 2. Бақылау нәтижелерін орталық жетекшісіне береді.
 3. Логопед/психолог тексеріс жүргізеді.
 4. Ата-анамен жеке кеңес ұйымдастырылады.
 5. Жеке дамыту жоспары жасалады.
 6. Ай сайын нәтиже талданады.
- 7. Ата-аналарға ұсынуға арналған қысқа кеңестер**
- * Күніне кмінде 15 минут балаңызбен жеке уақыт өткізіңіз.
 - * Балаға таңдауға мүмкіндік беріңіз (“Қай ойынды ойнаймыз?”).
 - * Үй тапсырмасы ойын арқылы орындалсын.
 - * Баланың жетістігін міндетті түрде мақтаңыз.
 - * Экран уақытын жасына сай шектеңіз.
 - * Кешкі режимді тұрақты ұстаныңыз.

8. Тәрбиешіге арналған құжаттар тізімі:

1. Топтық бақылау парағы
2. Баланың даму картасы
3. Ата-анамен әңгіме журналдары
4. Жеке кеңес беру парақшасы
5. Ата-аналарға арналған ақпараттық бұрыш материалы
6. Айлық есеп

Мектеп директоры:



С.К.Бердибеков